

ӘОЖ 349.6 (045)

А.У. Усенбаева

Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ құқықтану кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан, Ақтау қ.  
e-mail: usenbaeva2013@mail.ru

### Экологиялық зиян және қауіп ұғымдарының теориялық мәселелері

Баяндамада экологиялық зиян ұғымының теориялық мәселелері қарастырылады. Сонымен бірге экологиялық қауіп түсінігі зерттеле отыра Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасындағы мәселелер талқыланады.

**Түйін сөздер:** экологиялық зиян, экологиялық қауіп, шекара, құқық бұзушылық.

A.U. Usenbaeva

#### Theoretical questions concept of environmental harm

In a lecture ecological harm ұғымының examines theoretical questions. That ecological concept of қауіп together investigated come into question questions on ecological legislation Republic Kazakhstan.

**Key words:** ecological harm, ecological қауіп, border, right violation.

A.U. Usenbaeva

#### Теоретические вопросы понятия экологического вреда

В данной статье рассматриваются теоретические вопросы экологического вреда. Также анализируется понятие экологического вреда по законодательству Республики Казахстан.

**Ключевые слова:** экологический вред, граница, правонарушение.

Экологиялық зиян ұғымын белгілеу, оның жалпы сипаты мен ерекшеліктерін айқындау проблемасы бүгінгі таңда әлеуметтік және құқықтық зор мағынаға ие болып отыр. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда ол қоршаған ортаның ауыр күйімен байланысты. Соңғы кездері қоғамдық экологиялық қатынастарға қол сұғудың әлеуметтік зияндығының елеулі түрде өзгергені күмән тудырмайды, қайта ол келтіретін зиянның сипаты күрделене түсіп, іс жүзінде әр қырынан танылып отыр. Кей жағдайларда оның жағымсыз салдары ұзақ уақыттан кейін және мүлдем өзге аумақта пайда болуы ықтимал. Бұл оның шекарамен теңдесетін табиғатын танытады.

Сонымен бірге экологиялық құқық теориясында экологиялық зиян ұғымын зерттеуге көп мән берілмеуде. «Экологиялық құқық бұзушылық» және «экологиялық зиян» ұғымдарын теориялық тұрғыдан терең зерттеу қажеттілігіне 80-жылдардың басында белгілі ғалым С.Б. Байсалов назар аударған [1].

Экологиялық зиянның пайда болу нысандары алуан түрлі болып келеді. Ол адам мекендеген қоршаған табиғи ортадағы сан мен сапалық шығындар арқылы байқалады. Қоршаған ортаның немесе оның жеке объектілерінің ластануы; олардың бұзылуы немесе жойылуы (яғни, олардың сан немесе сапалық жағынан ішінара немесе толық жарамсыз болуы); ортаның тозуы және оның компоненттері арасындағы экологиялық байланыстардың бұзылуы (табиғи объектілер және жалпы қоршаған орта қызметінің азаюы немесе жоғалуы, жойылуы) арқылы байқалады.

Денсаулыққа келтірілген экогендік зиянды өтеу заң тұрғысынан алып қарағанда күрделі мәселе. Заңгерлердің көбі бұның себебін сондай зиянның туындау және пайда болу ерекшелігінде деп тануда. Туындау көзі бойынша ол экологиялық, ал пайда болу сипаттамасы бойынша антропологиялық (адамға қатысты) болып табылады. Сондықтан оны өтеу азаматтық

зандардың денсаулыққа келтірілген зияны туралы ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Сонымен бірге ластанған қоршаған ортаның жағымсыз әсерінің өзге де қоғамдық маңызы бар. Айталық, оның демографиялық салаға қатысы: халық өсімінің бәсеңдеуі, адамның өмір жасының қысқаруы, тумысынан кемтар адамдардың көбеюі. Сондықтан десаулыққа келтірілген экогендік зиянды екі аспект тұрғысынан қарауға болады: біріншіден, ол адамға келтірілген (жеке) зиян, екіншіден, қоғамға келтірілген (қоғамдық) зиян. Жеке жәбірленуші келтірген зиян оның материалдық және материалдық емес шығындарының жиынтығымен анықталады. Ал халық арасындағы аурулардан қоғамға келтірілетін зиян ұлттық табыстың төмендеуі, денсаулық сақтау органдарының жәбірленушілерді емдеуге жұмсайтын қосымша шығындары, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтердің гигиеналық және алдын алу шараларын жүргізуге шығындары арқылы байқалады [2].

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі экологиялық қауіптің анықтамасын береді. Соған сәйкес экологиялық қауіп дегеніміз антропогендік және табиғи әсерлер ықпалынан, оның ішінде дүлей зілзалаларды қоса алғанда, зілзалалар мен апаттар салдарынан қоршаған ортаның жай-күйі бұзылуының, өзгеруінің болуымен немесе ықтималдығымен сипатталатын, жеке адам мен қоғамның өмірлік маңызы бар мүдделеріне қауіп төндіретін жай-күйін айтамыз. Экологиялық қауіпті объект болып салынуы мен қызметі адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсерін тигізуі мүмкін немесе зиянды әсерін тиізетін шаруашылық объектісі және өзге де объект саналады [3].

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 23-тарауы 173-бабында төтенше экологиялық жағдай мен экологиялық зілзала туралы анықтама берілген. Онда төтенше экологиялық жағдай деп шаруашылық және өзге де қызмет немесе жаратылыстың табиғи процестері нәтижесінде қоршаған ортада халықтың денсаулығына, табиғи экологиялық жүйелердің, өсімдіктер мен жануарлардың генетикалық қорларының жай-күйіне қауіп төндіретін тұрақты теріс өзгерістер болатын аумақ учаскесінде туындаған экологиялық ахуал түсіндіріледі.

Сонымен қатар экологиялық зілзала деп шаруашылық және өзге де қызмет немесе

жаратылыстың табиғи процестері нәтижесінде халықтың денсаулығының едәуір нашарлауына, табиғи экологиялық жүйелердің бұзылуына, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі жай-күйінің нашарлауына әкеп соқтырған қоршаған ортаның орны толмас, терең өзгерістері болған аумақ учаскесінде туындаған экологиялық ахуалды айтамыз.

Төтенше экологиялық жағдай мен экологиялық зілзалалар халықтың денсаулығына едәуір қауіп төндіреді. Халықтың денсаулығына төнетін қауіп деп қоршаған ортаның ластануына байланысты денсаулықтың қайталама бұзылу жиілігінің артуы түсіндіріледі.

Денсаулыққа келтірілген экогендік зиянның тағы бір пайда болу нысаны –моральдық зиян, атап айтқанда, экологиялық қолайсыз аумақтан мәжбүрлеп көшумен, кәсібін ауыстыру, бала туу мүмкіндігінен айырылу немесе ауру бала табу қаупімен байланысты тән азабы. Сонымен қатар табиғат адамның экономикалық талаптарын ғана емес, эстетикалық (рухани) қажеттіліктерін қанағаттандыратын болғандықтан, қалалардағы ағаштарды жою да моральдық зиян факторы болып қарастырылуы мүмкін.

Сонымен, денсаулыққа зиян келтіру қоршаған ортаның сапалық жағдайындағы жағымсыз өзгерістер нәтижесінде экологиялық құқықтық нормалармен тыйым салынған әрекеттер жасалған кезде ғана орын алуы мүмкін. Кейбір ғалымдар экологиялық сақтандыру деп ықтимал қауіпті объектілер иелерінің экологиялық қауіпті объектідегі экологиялық немесе табиғи нәубет, апат салдарынан үшінші адамдарға экологиялық зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруды түсінеді.

Енді біреулері экологиялық сақтандыру ұғымына сақтандыру оқиғасының пайда болуына байланысты сақтандырушыда туындайтын оның өзінің шығындарын кіргізеді. Үшіншілері анықтаушы белгі ретінде табиғат объектілерін сақтандыру арқылы қорғаудың объектілері деп табады.

Біз экологиялық сақтандыру ұғымын кеңейтіп, оны экологиялық зиянды неғұрлым толық етеу мәселесін шешудегі сақтандыру жүйесінің мүмкіндіктерін қолдану ретінде қарастыратын авторларды қолдаймыз.

Демек, экологиялық сақтандыруды сақтандырудың өзге түрлерінен айыратын негізгі өлшемдерге экологиялық зиян және экологиялық қауіп ұғымдары жатуы тиіс.

Бұл ұғымдардың жалпы танылған біркелкі анықтамасы теория мен іс жүзінде әлі қалыптаспағанына қарамастан, заң әдебиетінде экологиялық қауіптерді топтастырудың жекелеген мысалдары бар. Айталық, экологиялық қауіптің мынадай өлшемдері көрсетілуде: техногендік апаттар қауіпі; табиғи сипаттағы қауіптер, оның ішінде қауіпті геологиялық құбылыстар (жер сілкіністері, көшкін, жанартаулар және т.б.), пайдалы қазбаларды алу барысында жер бетінің опырылуы және т.б. Экологиялық қауіптің аталған соңғы өлшемі бірінші екеуімен: экогендік немесе табиғи сипаттағы қауіппен толық қамтылады деп ойлаймыз.

Қоршаған ортаға келтірілген зиян үшін жауапкершілікті сақтандырудың ерекшеліктері ретінде мамандар мыналарды атап көрсетеді: экологиялық зиянның ірі көлемдері мен алуантүрлілігі; сақтандыру оқиғасының пайда болған кезін тура анықтау қиындығы; сақтандырылуға жататын объектілерді алдын ала зерттеу, сондай-ақ кезең-кезеңімен тексеру және инспекциялау, сақтандыру оқиғасының пайда болуы мүмкіндігін анықтау үшін қосымша мәлімет алу арқылы қамтамасыз етілетін қауіп деңгейін қатаң есепке алып отыру қажеттілігі Қоршаған ортаның ауқымды ластануы және көлемді экологиялық зиян кезінде жағымсыз салдарды жою, шұғыл жәрдем көрсету және экологиялық зиян үшін халыққа өтемақы төлеуді мемлекет ұйымдастырады [1].

Қоршаған ортаға келтірілген залалды экономикалық бағалау – қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтыну қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың құндық көрінісі.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды тұлғаларды қоршаған ортаға залал келтіру фактісі анықталған күннен бастап бір ай мерзім ішінде қажетті материалдарды жинау мен талдауды жүргізеді және келтірілген залалға экономикалық бағалауды белгілейді.

Атмосфералық ауаны және су ресурстарын белгіленген нормативтерден тыс ластаудан, сондай-ақ өндіріс пен тұтыну қалдықтарын, оның ішінде радиоактивті қалдықтарды белгіленген нормативтерден тыс орналастырудан келтірілген залалды экономикалық бағалау Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін ережелерге сәйкес тура немесе жанама әдістермен айқындалады.

Залалдың салдарынан жою жөніндегі шара-

лардың құны олардың нарықтық құны бойынша айқындалады.

Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленген экологиялық қауіпті шаруашылық және өзге де қызметтердің субъектілері, үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және апаттық ластануы нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу экологиялық сақтандырудың мақсаты болып табылады.

Тұрғылықты халықты радиациялық қауіпсіздіктен қамтамасыз етудің маңыздылығын ескеріп Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне бірқатар экологиялық талаптар көзделген. Сонымен қатар радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін радиациялық материалдар мен қалдықтарды пайдалану, трансшекаралық ауыстыру, сақтау, көму кезіндегі, ядролық қондырғыларды және объектілерді орналастыруға, елді мекендерді салу кезіндегі және өзге де экологиялық талаптар қарастырылған [4].

Жер заңдарын бұза отырып жасалған зиянның әртүрлі түрлері болуы мүмкін. Бұл зиян бірнеше топтарға бөлінеді. Соның ішінде экологиялық зиянды қарастыруға болады.

Сонымен экологиялық зиян дегеніміз – жер заңдарын бұзу арқылы қоршаған ортаға жерге табиғат объектісі ретінде зардап келтірілгенін білдіреді. Бұл зиян Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес өтеледі. Бұл зиянды толық түрде өтеуге мүмкіндік жоқ, себебі келтірілген зиянды нақты бағалау мүмкін емес. Экологиялық зиянды өтеудің екі әдісі бар: тікелей және жанама түрі. Залалды тура әдіспен экономикалық бағалау кезінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары тәуелсіз сарапшыларды тарта алады. Залалды экономикалық бағалаудың жанама әдісі залалды экономикалық бағалаудың тура әдісін қолдану мүмкін болмайтын жағдайларда қолданылады. Ал экономикалық зиян дегеніміз жер меншік иелерінің жер пайдаланушылардың мемлекет өзіне материалдық жағынан келтірілген шығындар болып табылады. Бұл шығындарды өтеу толық мөлшерде жүзеге асырылады және басшылыққа Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің нормалары алынады. Жер заңдары бұзушылығы моральдық зиянды келтіруі мүмкін. Оны өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен реттеледі [5].

**Әдебиеттер**

- 1 Байсалов С.Б. Развитие и совершенствованне природоохранного законодательства Казахской ССР // Вестник Академии наук Казахской ССР, 1982 – №10. – с.35.
- 2 Әбдірайымов Б.Ж. Экологиялық зиян: сипаттамасы, денсаулыққа әсері, сот арқылы өтелуі. – Алматы: Юрист, 2001. – 112 б.
- 3 Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2012. – 172 б.
- 4 Күлтелеев С.Т., Рахметов Е.Ш. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы: Жалпы және Ерекше бөлім: оқулық. – Алматы: HAS, 2008. – 328 б.
- 5 Еркінбаева Л.К., Айғаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының Жер құқығы. – Алматы: Жеті жарғы, 2010. – 312 б.

**References**

- 1 Baisalov S.B. Development and perfection of nature protection legislation of Kazakh SSR // Announcer sciences of Kazakh SSR, 1982, №10, s.35.
- 2 Abdraimov B.SH. Ecological harm: description, to the health the impression, a court through of is paid. it is Alma-Ata: Lawyer, 2001. – 112 s.
- 3 Ecological code Republics Kazakhstan. it is Alma-Ata: Lawyer, 2012. – 172 s.
- 4 Kulteleev S.T., Rahmetov E. SH. Ecological right Republic Kazakhstan: General and Special department. Textbook. it is Alma-Ata.-: HAS, 2008. – 328 s.
- 5 Erkinbaeva L.K., Aigarinova G.T. Right for Place Republic Kazakhstan. it is Alma-Ata: Seven charters, 2010. – 312 s.